

**Педагогикалық шеберлік
орталығы
«EDU MASTER»**

**Центр педагогического
мастерства
«EDU MASTER»**



**«Кәмелетке толмағандар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың
алдын алу» (Суицидтің превенциясы)**

біліктілікті арттыру курсының

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Сағат саны: 72 ақ.сағ.

Алматы 2026

1. Жалпы ережелер

Бағдарламаның әлеуметтік маңыздылығы кәмелетке толмағандардың психикалық денсаулығын сақтау, білім беру ортасында аутодеструктивті мінез-құлықтың, буллингтің, зорлық-зомбылықтың және суицидтік тәуекелдердің профилактикасы мәселелерінің өзектілігімен айқындалады.

Қазіргі жағдайда білім беру ұйымдары жасөспірімдер арасындағы эмоциялық және психологиялық қиындықтардың өсуімен, мазасыздық деңгейінің артуымен, агрессивті мінез-құлықпен, әлеуметтік оқшауланумен және білім алушылардың дағдарыстық жағдайларымен бетпе-бет келуде. Осыған байланысты тәуекел факторларын уақтылы анықтауға, психологиялық қолдау көрсетуге және білім беру ортасында профилактикалық жұмысты ұйымдастыруға қабілетті педагог-психологтерді даярлау қажеттілігі артып отыр.

Бағдарлама педагог-психологтердің дағдарыстық жағдайларды ерте диагностикалау, білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру, дағдарыстық араласудың заманауи әдістерін қолдану және ата-аналармен, педагогтермен және сүйемелдеу мамандарымен өзара іс-қимыл жасау саласындағы кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның ерекше әлеуметтік маңыздылығы оның кәмелетке толмағандар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуға, қауіпсіз және қолдаушы білім беру ортасын қалыптастыруға, сондай-ақ білім беру процесіне қатысушылардың эмоциялық әл-ауқатын нығайтуға бағдарланған превентивтік бағытымен айқындалады.

Бағдарлама:

білім беру ұйымдарындағы профилактикалық жұмыстың тиімділігін арттыруға;

тәуекел тобындағы жасөспірімдерді ерте анықтау жүйесін дамытуға;

буллинг, зорлық-зомбылық және суицидтік мінез-құлық тәуекелдерін төмендетуге;

педагог-психологтердің, педагогтердің және ата-аналардың кәсіби өзара іс-қимылын жетілдіруге;

дағдарыстық ден қою және психологиялық қолдау көрсету дағдыларын дамытуға;

білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін нығайтуға;

педагог-психологтердің кәсіби күйіп кетуінің профилактикасына ықпал етеді.

Бағдарламаны іске асыру кәмелетке толмағандарға көрсетілетін психологиялық көмектің сапасын арттыруға және білім беру ұйымдарындағы дағдарыстық жағдайлардың профилактикасы жүйесін күшейтуге мүмкіндік береді.

Біліктілікті арттыру бағдарламасының өзектілігі

Біліктілікті арттыру бағдарламасының өзектілігі кәмелетке толмағандар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың профилактикасы жүйесін күшейту және қазіргі білім беру ортасы жағдайында педагог-психологтердің

білім алушылардың дағдарыстық жағдайларымен жұмыс істеуге кәсіби даярлығын арттыру қажеттілігімен айқындалады.

Қазіргі уақытта білім беру ұйымдарында жасөспірімдердің эмоциялық қолайсыздығының, мазасыздық көріністерінің, агрессивті мінез-құлықтың, буллингтің, әлеуметтік оқшауланудың және кәмелетке толмағандардың психикалық денсаулығына теріс әсер ететін өзге де факторлардың өсуі байқалады. Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлық және суицидтік тәуекелдер жағдайлары ерекше аландаушылық туғызады, оларды уақтылы анықтау және кәсіби психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу талап етіледі.

Қазіргі білім беру ортасы педагог-психолог қызметіне жаңа талаптар қояды, оның ішінде диагностиканың, дағдарыстық консультация берудің, профилактикалық жұмыстың және салааралық өзара іс-қимылдың заманауи әдістерін меңгеру қажеттілігі бар. Мамандардың цифрлық құралдарды, психологиялық қолдаудың заманауи әдістерін және тәуекел факторларын ерте анықтау технологияларын қолдану қабілеті маңызды мәнге ие болады.

Бағдарлама педагог-психологтердің аутодеструктивті мінез-құлықтың профилактикасы, дағдарыстық ден қою және қауіпсіз білім беру ортасын ұйымдастыру саласындағы практикалық кәсіби құзыреттерін дамытуға бағдарланған. Жасөспірімдердің эмоциялық әл-ауқаты, ата-аналармен және педагогтермен өзара іс-қимыл, буллингтің профилактикасы және мамандардың кәсіби әл-ауқаты мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Бағдарламаның өзектілігі сондай-ақ теориялық даярлықты, нақты кәсіби жағдайларды талдауды, цифрлық технологияларды қолдануды, интервизияны және білім беру ұйымдары педагог-психологтерінің қызметіндегі кәсіби рефлексия әдістерін біріктіретін заманауи практикаға бағдарланған тәсілдерді енгізу қажеттілігімен айқындалады.

Бағдарламаның жалпы мемлекеттік басымдықтармен және әлемдік трендтермен байланысы

Бағдарламаның жалпы мемлекеттік басымдықтармен байланысы

Біліктілікті арттыру бағдарламасы кәмелетке толмағандардың психикалық денсаулығын қорғау, білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және білім алушылар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың профилактикасы жүйесін дамыту саласындағы Қазақстан Республикасының өзекті мемлекеттік басымдықтарына сәйкес әзірленді.

Бағдарлама мазмұны мынадай міндеттерді іске асыруға бағытталған:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін дамытуы;

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының оқыту мен тәрбиелеудің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету бөлігіндегі талаптары;

балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын нығайтуға бағытталған мемлекеттік бастамалар;

білім беру ұйымдарындағы профилактикалық жұмысты дамыту;

педагог-психологтердің дағдарыстық жағдайлар мен тәуекел факторларын ерте анықтау жөніндегі қызметін жетілдіру;

қауіпсіз, қолдаушы және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру.

Бағдарлама педагог-психологтердің кәметке толмағандар арасындағы буллингтің, зорлық-зомбылықтың, дағдарыстық мінез-құлықтың және суицидтік тәуекелдердің профилактикасы саласындағы практикалық құзыреттерін дамытуға, сондай-ақ салааралық өзара іс-қимылды және білім алушыларды психологиялық қолдау жүйесін жетілдіруге бағдарланған.

Бағдарламаның әлемдік трендтермен байланысы

Бағдарлама мазмұны балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын қорғау, дағдарыстық мінез-құлықтың профилактикасы және білім беру ортасында психологиялық қолдау жүйелерін дамыту саласындағы заманауи халықаралық үрдістерге сәйкес келеді.

Бағдарламаны әзірлеу кезінде мынадай заманауи халықаралық тәсілдер мен ұсынымдар ескерілді:

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының суицидтік мінез-құлықтың профилактикасы және жасөспірімдердің психикалық денсаулығын нығайту мәселелері бойынша ұсынымдары;

ЮНЕСКО-ның қауіпсіз және инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру жөніндегі ұсынымдары;

БҰҰ-ның балалардың құқықтарын қорғау, психологиялық әл-ауқат және зорлық-зомбылықтың профилактикасы бөлігіндегі ұсынымдары;

дағдарыстық жағдайларды ерте анықтаудың және тәуекел тобындағы жасөспірімдерге психологиялық көмек көрсетуді ұйымдастырудың халықаралық тәжірибелері;

білім алушылардың эмоциялық интеллектісін, стресске төзімділігін және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға арналған заманауи тәсілдер;

психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарының қызметінде цифрлық технологиялар мен онлайн-құралдарды қолдану тәжірибелері.

Бағдарлама суицидтің превенциясы, буллингтің профилактикасы және дағдарыстық араласу саласындағы заманауи әлемдік трендтерді көрсетеді, сондай-ақ педагог-психологтердің білім беру ортасында кәметке толмағандарды жүйелі психологиялық қолдауды ұйымдастыру бойынша практикалық дағдыларын дамытуға бағдарланған.

2. Глоссарий

Аутодеструктивті мінез-құлық — өзінің физикалық немесе психикалық жағдайына зиян келтіруге бағытталған, өзіне-өзі зиян келтіру әрекеттері мен суицидтік көріністерді қамтитын мінез-құлық.

Суицидтік мінез-құлық — суицид жасау қаупімен байланысты ойлардың, ниеттердің, айтылымдардың және әрекеттердің жиынтығы.

Суицидтік тәуекел — психологиялық, әлеуметтік немесе мінез-құлықтық тәуекел факторлары болған жағдайда адамның суицидтік әрекеттер жасау ықтималдығының деңгейі.

Дағдарыстық жағдай — стресс немесе психологиялық жарақаттаушы факторлардың әсерінен туындайтын және тұлғаның бейімделу мүмкіндіктерінің төмендеуімен қатар жүретін уақытша психоэмоциялық жағдай.

Психоэмоциялық әл-ауқат — психологиялық жайлылықтың, эмоциялық тұрақтылықтың және тұлғаның қоршаған ортамен тиімді өзара әрекеттесу қабілетінің жағдайы.

Тәуекел факторлары — дағдарыстық немесе аутодеструктивті мінез-құлықтың пайда болу ықтималдығын арттыратын мән-жайлар, жағдайлар немесе тұлғалық ерекшеліктер.

Білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі — білім алушыларды психологиялық зорлық-зомбылықтан, қауіптерден және эмоциялық қолайсыздықтан қорғауды қамтамасыз ететін білім беру ортасының жағдайы.

Буллинг — басқа адамды қорлауға, қорқытуға немесе оқшаулауға бағытталған жүйелі агрессивті мінез-құлық.

Кибербуллинг — цифрлық технологиялар мен интернет-коммуникацияларды пайдалану арқылы жүзеге асырылатын қудалау түрі.

Буллицид — ұзақ уақыт психологиялық зорлық-зомбылықтың немесе буллингтің салдарынан туындаған суицидтік мінез-құлық.

Дағдарыстық араласу — дағдарыстық жағдайда адамның эмоциялық жағдайын тұрақтандыруға бағытталған шұғыл психологиялық және педагогикалық шаралар кешені.

Психологиялық қолдау — эмоциялық әл-ауқатты сақтауға және тұлғаның бейімделу ресурстарын дамытуға бағытталған кәсіби көмек жүйесі.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу — білім алушыларды табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін жағдай жасауға бағытталған мамандардың кәсіби қызметі.

Психоэмоциялық жағдайды диагностикалау — білім алушылардың эмоциялық жағдайының ерекшеліктерін, мазасыздық деңгейін, стрессті және психологиялық тәуекелдерді анықтау процесі.

Психоэмоциялық жағдайдың мониторингі — дағдарыстық белгілерді уақтылы анықтау мақсатында білім алушылардың эмоциялық жағдайын жүйелі бақылау және талдау.

Эмоциялық өзін-өзі реттеу — адамның өзінің эмоциялық реакциялары мен жағдайларын басқару қабілеті.

Кәсіби күйіп кету — ұзаққа созылған кәсіби стресстің салдарынан туындайтын эмоциялық, психикалық және физикалық сарқылу жағдайы.

Интервизия — кәсіби жағдайларды алқалы талқылауға және өзара қолдауға негізделген мамандардың кәсіби өзара әрекеттесу нысаны.

Ресурстық технологиялар — эмоциялық ресурстарды қалпына келтіруге және тұлғаның тұрақтылығын дамытуға бағытталған әдістер мен практикалар.

Қауіпсіз білім беру ортасы — білім алушылардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ететін білім беру ұйымындағы жағдайлар жүйесі.

3. Бағдарламаның тақырыбы

Бағдарламаның жаңашылдығы оның кәметке толмағандар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың профилактикасына және білім беру ортасы жағдайында педагог-психологтердің заманауи кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған кешенді практикаға бағдарланған сипатымен айқындалады.

Бағдарлама дағдарыстық жағдайларды ерте анықтаудың, буллингтің, зорлық-зомбылықтың және суицидтік тәуекелдердің профилактикасының, дағдарыстық араласу технологияларының және білім алушыларға психологиялық қолдау көрсетуді ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін біріктіреді. Негізінен теориялық даярлыққа бағдарланған дәстүрлі бағдарламалардан айырмашылығы, бұл Бағдарлама нақты кәсіби жағдайларда жұмыс істеу әдістері мен алгоритмдерін практикалық қолдануға ерекше назар аударады.

Бағдарламаның ерекшелігі:

профилактикалық, диагностикалық және дағдарыстық тәсілдерді психологиялық-педагогикалық қолдаудың бірыңғай жүйесіне интеграциялау;

Z және Alpha ұрпақтарының заманауи психологиялық ерекшеліктеріне бағдарлану;

дағдарыстық жағдайлар мен суицидтік тәуекелдерге ден қоюдың практикалық алгоритмдерін пайдалану;

педагог-психолог қызметінде цифрлық технологияларды, онлайн-ресурстарды және интерактивті құралдарды қолдану;

интервизияны мамандардың кәсіби өзара іс-қимылы мен қолдау технологиясы ретінде енгізу;

психологиялық көмектің арт-терапиялық және ресурстық әдістерін енгізу;

профилактикалық жұмыстың жеке және топтық нысандарын үйлестіру;

педагог-психологтердің кәсіби күйіп кетуінің профилактикасына және мамандардың эмоциялық тұрақтылығын дамытуға күшейтілген назар аудару болып табылады.

Бағдарламаның жаңашылдығы сондай-ақ оның превентивтік бағыттылығымен және жасөспірімдердің эмоциялық қолайсыздығының, цифрлық тәуекелдердің, дағдарыстық жағдайлардың өсуімен және білім беру ұйымдарында қауіпсіз психологиялық ортаны қалыптастыру қажеттілігімен байланысты білім беру ортасының заманауи сын-қатерлеріне практикалық бейімделуімен айқындалады.

Білім беру жүйесінде ұқсас бағдарламалардың болуы/болмауын талдау

Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жүйесінде білім алушыларды психологиялық сүйемелдеу, буллингтің профилактикасы, жасөспірімдердің психикалық денсаулығын сақтау және педагог-психологтердің қызметін ұйымдастыру мәселелеріне арналған жекелеген білім беру бағдарламалары іске асырылуда. Сонымен қатар қолданыстағы бағдарламаларды талдау олардың көпшілігі негізінен психологиялық көмектің жекелеген теориялық аспектілерін оқып-үйренуге бағдарланғанын және кәмілетке толмағандар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың профилактикасы бойынша мамандарды кешенді практикалық даярлауды қамтамасыз етпейтінін көрсетеді.

Қолданыстағы бағдарламалар, әдетте, педагог-психолог қызметінің жекелеген бағыттарын: буллингтің профилактикасын, консультация беру негіздерін, жас ерекшелік психологиясын немесе дағдарыстық көмекті қарастырады. Бұл ретте суицидтік тәуекелдерді ерте анықтау, дағдарыстық ден қою алгоритмдері, салааралық өзара іс-қимыл, цифрлық технологияларды қолдану және мамандардың кәсіби күйіп кетуінің профилактикасы мәселелері жеткіліксіз қамтылған.

Ұсынылып отырған Бағдарлама кәмілетке толмағандар арасындағы суицидтің превенциясы және аутодеструктивті мінез-құлықтың профилактикасы саласында педагог-психологтердің заманауи кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған кешенді әрі практикаға бағдарланған тәсілімен ерекшеленеді.

Салыстырмалы кесте

Салыстыру критерийлері	Қолданыстағы біліктілікті арттыру бағдарламалары	«Кәмілетке толмағандар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың профилактикасы (Суицидтің превенциясы)» бағдарламасы
Бағдарламаның бағыттылығы	Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жалпы мәселелері	Аутодеструктивті мінез-құлық пен дағдарыстық жағдайлардың кешенді профилактикасы
Практикалық бағыттылығы	Негізінен теориялық	Күшейтілген практикаға бағдарланған тәсіл

Тәуекелдерді ерте анықтау	Ішінара қарастырылады	Ерте диагностикалау мен мониторингтің жүйелі блогы
Дағдарыстық ден қою алгоритмдері	Шектеулі түрде ұсынылған	Дағдарыстық жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттің практикалық алгоритмдері
Буллингпен және буллицидпен жұмыс	Үзік-үзік зерделенеді	Жасөспірімдер агрессиясының заманауи түрлерін кешенді қарастыру
Цифрлық технологияларды пайдалану	Шектеулі қолдану	Цифрлық платформалар мен онлайн-құралдарды интеграциялау
Интервизия және кәсіби қолдау	Іс жүзінде қарастырылмайды	Кәсіби дамудың жеке технологиясы ретінде енгізілген
Кәсіби күйіп кетудің профилактикасы	Эпизодтық түрде қарастырылады	Жеке практикалық бағыт болып табылады
Z және Alpha ұрпақтарымен жұмыс	Іс жүзінде қарастырылмайды	Бағдарлама мазмұнына енгізілген
Салааралық өзара іс-қимыл	Ішінара қарастырылады	«Психолог – педагог – ата-ана – мамандар» жүйелі өзара іс-қимылы
Практикалық кейстер және жағдайларды модельдеу	Шектеулі	Практикалық оқытудың негізі болып табылады

Қорытынды

Жүргізілген талдау педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесінде білім беру ортасының заманауи сын-қатерлерін ескере отырып, кәметке толмағандар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың профилактикасы бойынша педагог-психологтерді кешенді практикалық даярлауды қамтамасыз ететін бағдарламалардың жоқ екенін көрсетеді.

Ұсынылып отырған Бағдарлама заманауи теориялық тәсілдерді, дағдарыстық ден қоюдың практикалық алгоритмдерін, цифрлық технологияларды, психологиялық қолдау әдістерін және кәсіби рефлексияны интеграциялаумен ерекшеленеді. Бағдарлама тәуекелдерді ерте анықтауға,

профилактикалық жұмысты ұйымдастыруға және білім беру ұйымдарында қауіпсіз психологиялық орта құруға қажетті педагог-психологтердің практикалық құзыреттерін қалыптастыруға бағдарланған.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

Бағдарламаның мақсаты

Педагог-психологтердің кәмілетке толмағандар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың профилактикасы, дағдарыстық жағдайларды ерте анықтау, білім алушыларға психологиялық қолдау көрсетуді ұйымдастыру және білім беру ортасында дағдарыстық араласудың заманауи технологияларын қолдану саласындағы кәсіби құзыреттерін жетілдіру.

Бағдарламаның міндеттері	Күтілетін оқу нәтижелері
Педагог-психологтерде кәмілетке толмағандар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың заманауи тәуекел факторлары туралы жүйелі түсінік қалыптастыру	Педагог-психологтер жасөспірімдердің дағдарыстық жағдайлары мен аутодеструктивті мінез-құлқының қалыптасуына әсер ететін заманауи психологиялық, әлеуметтік және мінез-құлықтық факторларды түсінеді
Білім алушылардағы дағдарыстық жағдайлар мен суицидтік тәуекелдерді ерте анықтау дағдыларын дамыту	Педагог-психологтер ерте диагностикалау әдістерін қолданады, білім алушылардың эмоциялық қолайсыздығы мен дағдарыстық мінез-құлқының белгілерін анықтайды
Білім беру ортасында профилактикалық және түзету жұмыстарын ұйымдастыру бойынша құзыреттерді жетілдіру	Педагог-психологтер профилактикалық жұмысты ұйымдастырады, психологиялық қолдау мен дағдарыстық араласудың заманауи әдістерін қолданады
Дағдарыстық жағдайларда ден қою алгоритмдерін қолдану дағдыларын қалыптастыру	Педагог-психологтер дағдарыстық жағдайлар мен суицидтік тәуекелдерді анықтау кезінде практикалық іс-әрекет алгоритмдерін қолданады
Педагогтермен, ата-аналармен және сүйемелдеу мамандарымен өзара іс-қимыл жасау құзыреттерін дамыту	Педагог-психологтер білім алушыларға психологиялық қолдау көрсетуді ұйымдастыру кезінде білім беру процесіне

	қатысушылармен тиімді өзара іс-қимыл жасайды
Цифрлық технологиялар мен заманауи диагностикалық құралдарды пайдалану дағдыларын жетілдіру	Педагог-психологтер цифрлық платформаларды, онлайн-ресурстарды және білім алушылардың психоэмоциялық жағдайына мониторинг жүргізудің заманауи әдістерін қолданады
Консультация беру және педагогикалық кейстерді талдау бойынша кәсіби дағдыларды дамыту	Педагог-психологтер кәсіби жағдайларды талдайды, негізделген шешімдер қабылдайды және консультация берудің практикалық әдістерін қолданады
Кәсіби өзін-өзі реттеу және эмоциялық күйіп кетудің профилактикасы дағдыларын қалыптастыру	Педагог-психологтер практикалық қызметте эмоциялық өзін-өзі реттеу мен кәсіби тұрақтылық әдістерін қолданады

Бағдарлама нәтижелерінің практикалық маңыздылығы

Бағдарламаның практикалық маңыздылығы педагог-психологтердің білім беру ортасы жағдайында кәмелетке толмағандар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықты уақтылы анықтауға және оның профилактикасын жүзеге асыруға даярлығын арттыруында болып табылады. Оқыту қорытындысы бойынша мамандар білім алушыларды диагностикалаудың, дағдарыстық ден қоюдың және психологиялық қолдаудың заманауи әдістерін қолдана алады, профилактикалық жұмысты ұйымдастырады, педагогтермен, ата-аналармен және сүйемелдеу мамандарымен тиімді өзара іс-қимыл жасайды, сондай-ақ дағдарыстық жағдайлар кезінде практикалық іс-әрекет алгоритмдерін пайдаланады.

Бағдарламаны меңгеру нәтижелері:

білім алушыларға көрсетілетін психологиялық көмектің сапасын арттыруға;

тәуекел тобындағы жасөспірімдерді ерте анықтау жүйесін дамытуға;

буллинг, зорлық-зомбылық және аутодеструктивті мінез-құлық тәуекелдерін төмендетуге;

қауіпсіз және қолдаушы білім беру ортасын қалыптастыруға;

педагог-психологтердің кәсіби тұрақтылығын дамытуға;

білім беру ұйымдарындағы профилактикалық жұмысты жетілдіруге ықпал етеді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

72 академиялық сағатқа арналған аудиториялық оқытудың
оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабактың тақырыбы	Лекция	Практикалық сабақтар	Семинар	Барлығы
1	1-модуль. Аутодеструктивті мінез-құлықтың профилактикасына арналған заманауи психологиялық-педагогикалық тәсілдер				12
1.1	Жасөспірімдердің аутодеструктивті мінез-құлқы: заманауи сын-кәтерлер мен тәуекел факторлары	1	1	1	3
1.2	Білім беру ортасындағы Z және Alpha ұрпақтарының психологиялық ерекшеліктері	1	1	1	3
1.3	Тәрбие жұмысындағы эмоциялық әл-ауқат және құндылыққа бағдарланған тәсіл	1	1	1	3
1.4	Дағдарыстық мінез-құлықтың қалыптасуының психологиялық тетіктері	1	1	1	4
2	2-модуль. Білім алушылардың дағдарыстық жағдайларын ерте диагностикалау және анықтау				12
2.1	Аутодеструктивті мінез-құлықты ерте анықтау әдістері	1	1	1	3
2.2	Психологиялық-педагогикалық бақылаудың диагностикалық құралдары мен технологиялары	1	1	1	3
2.3	Психоэмоциялық жағдайға сауалнама жүргізуді және цифрлық мониторингті ұйымдастыру	1	1	1	3
2.4	Жасөспірімдердегі тәуекел факторлары мен дағдарыстық индикаторларды талдау	1	1	1	3
3	3-модуль. Жасөспірімдер ортасындағы буллинг, зорлық-зомбылық және дағдарыстық мінез-құлық				12
3.1	Буллинг, кибербуллинг және буллицид: жасөспірімдер агрессиясының заманауи түрлері	1	1	1	3
3.2	Зорлық-зомбылық пен қудалау жағдайларына қатысушыларға психологиялық көмек	1	1	1	3

3.3	Білім беру ұйымындағы дағдарыстық жағдайларға ден қою алгоритмдері	1	1	1	3
3.4	Тәуекелдерді анықтау кезіндегі салааралық өзара іс-қимыл практикасы	1	1	1	3
4	4-модуль. Тәуекел тобындағы жасөспірімдерге дағдарыстық араласу және психологиялық көмек				12
4.1	Кәмелетке толмағандарға дағдарыстық консультация беру технологиялары	1	1	1	3
4.2	Суицидтік тәуекел кезінде педагог-психологтің іс-әрекет алгоритмдері	1	1	1	3
4.3	Жасөспірімдерге психологиялық қолдау көрсетудің практикалық әдістері	1	1	1	3
4.4	Дағдарыстық жағдайларды құжаттамалық сүйемелдеу	1	1	1	3
5	5-модуль. Профилактикалық және түзету жұмысының заманауи технологиялары				12
5.1	Профилактикалық жұмыстағы арт-терапиялық және ресурстық технологиялар	1	1	1	3
5.2	Жеке және топтық психологиялық қолдау көрсету практикасы	1	1	1	3
5.3	Педагог-психолог қызметіндегі цифрлық құралдар мен онлайн-ресурстар	1	1	1	3
5.4	Интервизия мамандарды кәсіби қолдау технологиясы ретінде	1	1	1	3
6	6-модуль. Педагог-психологтің кәсіби тұрақтылығы және дамуы				12
6.1	Мамандардың кәсіби күйіп кетуінің профилактикасы	1	1	1	3
6.2	Өзін-өзі реттеу және эмоциялық жағдайды басқару әдістері		1	1	3
6.3	Кәсіби рефлексия мен эмоциялық сауаттылықты дамыту	1	1	1	3
6.4	Қауіпсіз және қолдаушы білім беру ортасын қалыптастыру практикасы	1	1	1	3
Барлығы					72

72 академиялық сағатқа арналған қашықтықтан оқытудың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Бейне-есаб-ақтар	Веби-налар	Тыңдаушының өзіндік жұмыстары	Барлығы
1	1-модуль. Аутодеструктивті мінез-құлықтың профилактикасына арналған заманауи психологиялық-педагогикалық тәсілдер				12
1.1	Жасөспірімдердің аутодеструктивті мінез-құлқы: заманауи сын-қатерлер мен тәуекел факторлары	1	1	1	3
1.2	Білім беру ортасындағы Z және Alpha ұрпақтарының психологиялық ерекшеліктері	1	1	1	3
1.3	Тәрбие жұмысындағы эмоциялық әл-ауқат және құндылыққа бағдарланған тәсіл	1	1	1	3
1.4	Дағдарыстық мінез-құлықтың қалыптасуының психологиялық тетіктері	1	1	1	4
2	2-модуль. Білім алушылардың дағдарыстық жағдайларын ерте диагностикалау және анықтау				12

2.1	Аутодеструктивті мінез-құлықты ерте анықтау әдістері	1	1	1	3
2.2	Психологиялық-педагогикалық бақылаудың диагностикалық құралдары мен технологиялары	1	1	1	3
2.3	Психоэмоциялық жағдайға сауалнама жүргізуді және цифрлық мониторингті ұйымдастыру	1	1	1	3
2.4	Жасөспірімдердегі тәуекел факторлары мен дағдарыстық индикаторларды талдау	1	1	1	3
3	3-модуль. Жасөспірімдер ортасындағы буллинг, зорлық-зомбылық және дағдарыстық мінез-құлық				12
3.1	Буллинг, кибербуллинг және буллицид: жасөспірімдер агрессиясының заманауи түрлері	1	1	1	3
3.2	Зорлық-зомбылық пен қудалау жағдайларына қатысушыларға психологиялық көмек	1	1	1	3
3.3	Білім беру ұйымындағы дағдарыстық жағдайларға ден қою алгоритмдері	1	1	1	3
3.4	Тәуекелдерді анықтау кезіндегі салааралық өзара іс-қимыл практикасы	1	1	1	3
4	4-модуль. Тәуекел тобындағы жасөспірімдерге дағдарыстық араласу және психологиялық көмек				12
4.1	Кәмелетке толмағандарға дағдарыстық консультация беру технологиялары	1	1	1	3
4.2	Суицидтік тәуекел кезінде педагог-психологтің іс-әрекет алгоритмдері	1	1	1	3
4.3	Жасөспірімдерге психологиялық қолдау көрсетудің практикалық әдістері	1	1	1	3
4.4	Дағдарыстық жағдайларды құжаттамалық сүйемелдеу	1	1	1	3
5	5-модуль. Профилактикалық және түзету жұмысының заманауи технологиялары				12
5.1	Профилактикалық жұмыстағы арт-терапиялық және ресурстық технологиялар	1	1	1	3
5.2	Жеке және топтық психологиялық қолдау көрсету практикасы	1	1	1	3
5.3	Педагог-психолог қызметіндегі цифрлық құралдар мен онлайн-ресурстар	1	1	1	3
5.4	Интервизия мамандарды кәсіби қолдау технологиясы ретінде	1	1	1	3
6	6-модуль. Педагог-психологтің кәсіби тұрақтылығы және дамуы				12
6.1	Мамандардың кәсіби күйіп кетуінің профилактикасы	1	1	1	3

6.2	Өзін-өзі реттеу және эмоциялық жағдайды басқару әдістері		1	1	3
6.3	Кәсіби рефлексия мен эмоциялық сауаттылықты дамыту	1	1	1	3
6.4	Қауіпсіз және қолдаушы білім беру ортасын қалыптастыру практикасы	1	1	1	3
Барлығы					72

1-модуль. Аутодеструктивті мінез-құлықтың профилактикасына арналған заманауи психологиялық-педагогикалық тәсілдер	
<p>Модульдің мақсаты</p> <p>Педагог-психологтердің кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлқының заманауи факторларын түсіну және білім беру ортасында профилактикалық психологиялық-педагогикалық жұмысты ұйымдастыру саласындағы кәсіби құзыреттерін қалыптастыру.</p>	<p>Модульдің практикалық бағыттылығы</p> <p>Модульдің практикалық бағыттылығы педагог-психологтерде тәуекел факторларын талдау, жасөспірімдердің эмоциялық қолайсыздығы белгілерін анықтау және білім беру ортасында профилактикалық жұмысты ұйымдастыру дағдыларын қалыптастырудан тұрады.</p> <p>Оқыту барысында тыңдаушылар нақты кәсіби жағдайларды талдайды, жасөспірімдердің заманауи мінез-құлық модельдерін қарастырады, дағдарыстық жағдай белгілерін анықтайды, профилактикалық тәсілдерді әзірлейді және Z және Alpha ұрпақтарының ерекшеліктерін ескере отырып, білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету стратегияларын модельдейді.</p>
<p>Модульдің міндеттері</p> <ul style="list-style-type: none"> – жасөспірімдердің аутодеструктивті мінез-құлқының заманауи себептері мен тәуекел факторлары туралы түсінік қалыптастыру; – Z және Alpha ұрпақтарының психологиялық ерекшеліктерін ашу; – білім алушылардың 	<p>Модульді меңгерудің күтілетін нәтижелері</p> <p>Модуль аяқталғаннан кейін педагог-психологтер:</p> <ul style="list-style-type: none"> – кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлқының заманауи тәуекел факторларын түсінеді; – кәсіби қызметте Z және Alpha ұрпақтарының психологиялық

<p>психоэмоциялық жағдайын талдау бойынша құзыреттерді дамыту;</p> <ul style="list-style-type: none"> – дағдарыстық мінез-құлықтың қалыптасу тетіктері туралы түсінік қалыптастыру; – профилактикалық жұмыста құндылыққа бағдарланған тәсілді қолдану дағдыларын жетілдіру; – психологиялық қауіпсіз және қолдаушы білім беру ортасын ұйымдастыруға дайындықты дамыту. 	<p>ерекшеліктерін ескереді;</p> <ul style="list-style-type: none"> – білім алушылардың психоэмоциялық жағдайын және дағдарыстық мінез-құлық белгілерін талдайды; – профилактикалық жұмыста құндылыққа бағдарланған тәсілдерді қолданады; – профилактикалық қызметті ұйымдастырудың заманауи психологиялық-педагогикалық тәсілдерін пайдаланады; – қауіпсіз және қолдаушы білім беру ортасын құруға қатысады.
<p>Модульдің сипаттамасы</p> <p>Модуль педагог-психологтерде білім беру ортасы жағдайында кәмететке толмағандар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың профилактикасына арналған заманауи психологиялық-педагогикалық тәсілдер туралы жүйелі түсінік қалыптастыруға бағытталған.</p> <p>Модуль аясында жасөспірімдердің психоэмоциялық жағдайына әсер ететін заманауи тәуекел факторлары, Z және Alpha ұрпақтарының психологиялық ерекшеліктері, дағдарыстық мінез-құлықтың қалыптасу тетіктері, сондай-ақ профилактикалық жұмыстағы эмоциялық әл-ауқат пен құндылыққа бағдарланған тәсілдің рөлі қарастырылады.</p> <p>Білім беру ортасының заманауи сын-қатерлерін талдауға, әлеуметтік, психологиялық және цифрлық факторлардың білім алушылардың эмоциялық жағдайына әсеріне, сондай-ақ педагог-психологтердің профилактикалық және қолдаушы қызметті ұйымдастыруға кәсіби даярлығын қалыптастыруға ерекше назар аударылады.</p>	
<p>2-модуль. Білім алушылардың дағдарыстық жағдайларын ерте диагностикалау және анықтау</p>	
<p>Модульдің мақсаты</p> <p>Педагог-психологтердің білім алушылар арасындағы дағдарыстық жағдайлар мен аутодеструктивті мінез-құлық тәуекел факторларын ерте анықтау бойынша кәсіби құзыреттерін қалыптастыру.</p>	<p>Модульдің практикалық бағыттылығы</p> <p>Модульдің практикалық бағыттылығы педагог-психологтерде жасөспірімдердің дағдарыстық жағдайларын ерте анықтаудың заманауи диагностикалық құралдары мен технологияларын қолдану дағдыларын қалыптастырудан тұрады.</p> <p>Оқыту барысында тыңдаушылар кәсіби кейстерді талдайды, психологиялық-педагогикалық бақылау әдістерін пысықтайды, диагностикалық материалдарды әзірлейді, сауалнама</p>

	жүргізу мен цифрлық мониторингі талдайды, сондай-ақ тәуекел тобындағы білім алушыларды анықтау және сүйемелдеу алгоритмдерін модельдейді.
<p>Модульдің міндеттері</p> <ul style="list-style-type: none"> – аутодеструктивті мінез-құлықты ерте анықтаудың заманауи әдістері туралы білім қалыптастыру; – диагностикалық құралдар мен психологиялық-педагогикалық бақылау технологияларын қолдану дағдыларын дамыту; – білім алушылардың психоэмоциялық жағдайына сауалнама жүргізу және мониторинг ұйымдастыру бойынша құзыреттерді жетілдіру; – тәуекел факторлары мен дағдарыстық индикаторларды талдау дағдыларын қалыптастыру; – тәуекел тобындағы жасөспірімдерді уақтылы анықтауға және профилактикалық қолдауды ұйымдастыруға дайындықты дамыту. 	<p>Модульді меңгерудің күтілетін нәтижелері</p> <p>Модуль аяқталғаннан кейін педагог-психологтер:</p> <ul style="list-style-type: none"> – аутодеструктивті мінез-құлықты ерте анықтау әдістерін қолданады; – диагностикалық құралдар мен психологиялық-педагогикалық бақылау технологияларын пайдаланады; – білім алушылардың психоэмоциялық жағдайына сауалнама жүргізуді және цифрлық мониторингі ұйымдастырады; – жасөспірімдердегі тәуекел факторлары мен дағдарыстық индикаторларды талдайды; – эмоциялық қолайсыздық пен дағдарыстық жағдайлардың белгілерін анықтайды; – диагностикалау нәтижелерін профилактикалық және қолдаушы жұмысты ұйымдастыру үшін қолданады.
<p>Модульдің сипаттамасы</p> <p>Модуль педагог-психологтердің кәметке толмағандар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың тәуекел факторларын анықтау және дағдарыстық жағдайларды ерте диагностикалау саласындағы кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған.</p> <p>Модуль аясында психологиялық-педагогикалық бақылаудың заманауи әдістері, білім алушылардың эмоциялық қолайсыздығын анықтауға арналған диагностикалық құралдар, жасөспірімдердің психоэмоциялық жағдайына сауалнама жүргізу және цифрлық мониторинг технологиялары қарастырылады.</p> <p>Дағдарыстық индикаторларды талдауға, мінез-құлықтық, эмоциялық және әлеуметтік тәуекел белгілерін анықтауға, сондай-ақ уақтылы ден қою және</p>	

білім беру ортасында профилактикалық жұмысты ұйымдастыру дағдыларын дамытуға ерекше назар аударылады.	
3-модуль. Жасөспірімдер ортасындағы буллинг, зорлық-зомбылық және дағдарыстық мінез-құлық	
<p>Модульдің мақсаты</p> <p>Педагог-психологтердің буллингтің, зорлық-зомбылықтың және дағдарыстық мінез-құлықтың профилактикасы, сондай-ақ білім беру ортасында психологиялық көмек көрсету және салааралық өзара іс-қимылды ұйымдастыру бойынша кәсіби құзыреттерін қалыптастыру.</p>	<p>Модульдің практикалық бағыттылығы</p> <p>Модульдің практикалық бағыттылығы педагог-психологтерде дағдарыстық жағдайларды талдау, ден қою алгоритмдерін қолдану және буллинг пен зорлық-зомбылық жағдайларына қатысушыларға психологиялық көмек ұйымдастыру дағдыларын қалыптастырудан тұрады.</p> <p>Оқыту барысында тыңдаушылар нақты кәсіби кейстерді талдайды, дағдарыстық жағдайларды модельдейді, ден қою алгоритмдерін әзірлейді, салааралық өзара іс-қимыл әдістерін және жасөспірімдер арасындағы буллингтің, кибербуллингтің және дағдарыстық мінез-құлықтың профилактикасына арналған практикалық тәсілдерді пысықтайды.</p>
<p>Модульдің міндеттері</p> <ul style="list-style-type: none"> – жасөспірімдер агрессиясының және дағдарыстық мінез-құлықтың заманауи түрлері туралы түсінік қалыптастыру; – буллингтің, кибербуллингтің және зорлық-зомбылықтың белгілерін анықтау дағдыларын дамыту; – қудалау мен зорлық-зомбылық жағдайларына қатысушыларға психологиялық көмек көрсету бойынша құзыреттерді жетілдіру; – дағдарыстық жағдайларға ден қою алгоритмдерін қолдану дағдыларын қалыптастыру; 	<p>Модульді меңгерудің күтілетін нәтижелері</p> <p>Модуль аяқталғаннан кейін педагог-психологтер:</p> <ul style="list-style-type: none"> – жасөспірімдер арасындағы буллингтің, кибербуллингтің және дағдарыстық мінез-құлықтың заманауи түрлерін түсінеді; – білім алушыларға қатысты зорлық-зомбылықтың, қудалаудың және психологиялық қолайсыздықтың белгілерін анықтайды; – дағдарыстық жағдайларға қатысушыларға психологиялық көмек көрсету әдістерін қолданады; – тәуекелдер мен қауіптерді анықтау кезінде ден қою алгоритмдерін пайдаланады;

<p>– тәуекел факторларын анықтау кезінде салааралық өзара іс-қимылға дайындықты дамыту; – қауіпсіз және қолдаушы білім беру ортасын құру дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>– педагогтермен, ата-аналармен және сүйемелдеу мамандарымен өзара іс-қимыл жасайды; – профилактикалық жұмысты ұйымдастыруға және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға қатысады.</p>
<p>Модульдің сипаттамасы Модуль педагог-психологтердің білім беру ортасында кәметке толмағандар арасындағы буллингтің, кибербуллингтің, зорлық-зомбылықтың және дағдарыстық мінез-құлықтың профилактикасы саласындағы кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған. Модуль аясында жасөспірімдер агрессиясының заманауи түрлері, зорлық-зомбылық пен қудалаудың психологиялық салдары, дағдарыстық жағдайларға қатысушыларға психологиялық көмек көрсету әдістері, сондай-ақ тәуекелдерді анықтау кезіндегі ден қою алгоритмдері қарастырылады. Педагог-психологтердің, педагогтердің, ата-аналардың және сүйемелдеу мамандарының дағдарыстық жағдайлардың профилактикасы мен қауіпсіз білім беру ортасын құру кезіндегі салааралық өзара іс-қимылын ұйымдастыруға ерекше назар аударылады.</p>	
<p>4-модуль. Тәуекел тобындағы жасөспірімдерге дағдарыстық араласу және психологиялық көмек</p>	
<p>Модульдің мақсаты Педагог-психологтердің тәуекел тобындағы кәметке толмағандарға дағдарыстық араласуды ұйымдастыру және психологиялық көмек көрсету бойынша кәсіби құзыреттерін қалыптастыру.</p>	<p>Модульдің практикалық бағыттылығы Модульдің практикалық бағыттылығы педагог-психологтерде дағдарыстық ден қою, психологиялық көмек көрсету технологияларын қолдану және тәуекел тобындағы жасөспірімдерді сүйемелдеу дағдыларын қалыптастырудан тұрады. Оқыту барысында тыңдаушылар дағдарыстық жағдайларды талдайды, суицидтік тәуекелді анықтау кезіндегі іс-әрекет алгоритмдерін пысықтайды, консультациялық жағдайларды модельдейді, білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету бойынша практикалық ұсынымдар әзірлейді және дағдарыстық жағдайларды сүйемелдеу кезінде құжаттаманы жүргізу ерекшеліктерін зерделейді.</p>

<p>Модульдің міндеттері</p> <ul style="list-style-type: none"> – кәмелетке толмағандарға дағдарыстық консультация берудің заманауи технологиялары туралы білім қалыптастыру; – суицидтік тәуекелді анықтау кезіндегі іс-әрекет алгоритмдерін қолдану дағдыларын дамыту; – тәуекел тобындағы жасөспірімдерге психологиялық қолдау көрсету бойынша құзыреттерді жетілдіру; – дағдарыстық жағдайларды құжаттамалық сүйемелдеу дағдыларын қалыптастыру; – уақтылы ден қоюға және қауіпсіз психологиялық көмекті ұйымдастыруға дайындықты дамыту; – дағдарыстық жағдайларды сүйемелдеу кезінде кәсіби өзара іс-қимыл дағдыларын жетілдіру. 	<p>Модульді меңгерудің күтілетін нәтижелері</p> <p>Модуль аяқталғаннан кейін педагог-психологтер:</p> <ul style="list-style-type: none"> – кәмелетке толмағандарға дағдарыстық консультация берудің заманауи технологияларын қолданады; – суицидтік тәуекелді анықтау кезіндегі іс-әрекет алгоритмдерін пайдаланады; – тәуекел тобындағы жасөспірімдерге психологиялық қолдау ұйымдастырады; – дағдарыстық жағдайларды құжаттамалық сүйемелдеуді жүргізеді; – дағдарыстық жағдайлар кезінде кәсіби шешімдер қабылдайды; – психологиялық көмекті ұйымдастыру кезінде білім беру процесіне қатысушылармен өзара іс-қимыл жасайды.
<p>Модульдің сипаттамасы</p> <p>Модуль педагог-психологтердің білім беру ортасы жағдайында тәуекел тобындағы кәмелетке толмағандарға дағдарыстық араласу және психологиялық көмек ұйымдастыру саласындағы кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған.</p> <p>Модуль аясында жасөспірімдерге дағдарыстық консультация берудің заманауи технологиялары, суицидтік тәуекел анықталған кезде педагог-психологтің іс-әрекет алгоритмдері, білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету әдістері, сондай-ақ құжаттаманы жүргізу және дағдарыстық жағдайларды сүйемелдеу ерекшеліктері қарастырылады.</p> <p>Дағдарыстық жағдайларға уақтылы ден қою, қауіпсіз психологиялық көмекті ұйымдастыру, білім беру процесіне қатысушылармен өзара іс-қимыл жасау және тәуекел тобындағы жасөспірімдерді сүйемелдеу кезінде кәсіби жауапкершілікті сақтау мәселелеріне ерекше назар аударылады.</p>	

5-модуль. Профилактикалық және түзету жұмысының заманауи технологиялары	
<p>Модульдің мақсаты</p> <p>Педагог-психологтердің кәмілетке толмағандармен жұмыс барысында заманауи профилактикалық, түзету және цифрлық технологияларды қолдану, сондай-ақ мамандарды кәсіби қолдауды ұйымдастыру бойынша кәсіби құзыреттерін қалыптастыру.</p>	<p>Модульдің практикалық бағыттылығы</p> <p>Модульдің практикалық бағыттылығы педагог-психологтерде кәсіби қызметте заманауи профилактикалық, түзету және цифрлық технологияларды қолдану дағдыларын қалыптастырудан тұрады.</p> <p>Оқыту барысында тыңдаушылар профилактикалық және түзету жаттығуларын әзірлейді, психологиялық қолдаудың жеке және топтық нысандарын модельдейді, цифрлық платформалар мен онлайн-құралдарды пайдаланады, интервизиялық талқылауларға қатысады және білім беру ортасында кәмілетке толмағандарға психологиялық көмек көрсетудің практикалық әдістерін талдайды.</p>
<p>Модульдің міндеттері</p> <ul style="list-style-type: none"> – профилактикалық жұмыста арт-терапиялық және ресурстық технологияларды қолдану дағдыларын қалыптастыру; – білім алушыларға жеке және топтық психологиялық қолдау көрсетуді ұйымдастыру бойынша құзыреттерді дамыту; – кәсіби қызметте цифрлық құралдар мен онлайн-ресурстарды пайдалану дағдыларын жетілдіру; – интервизияның кәсіби өзара іс-қимыл және қолдау технологиясы ретіндегі мүмкіндіктері туралы түсінік қалыптастыру; – психологиялық көмектің заманауи интерактивті және 	<p>Модульді меңгерудің күтілетін нәтижелері</p> <p>Модуль аяқталғаннан кейін педагог-психологтер:</p> <ul style="list-style-type: none"> – профилактикалық және түзету жұмысында арт-терапиялық және ресурстық технологияларды қолданады; – білім алушыларға жеке және топтық психологиялық қолдау ұйымдастырады; – кәсіби қызметте цифрлық құралдар мен онлайн-ресурстарды пайдаланады; – интервизияны мамандардың кәсіби өзара іс-қимылы мен қолдау әдісі ретінде қолданады; – психологиялық көмектің заманауи интерактивті әдістерін пайдаланады; – профилактикалық және түзету жұмысы бойынша кәсіби дағдыларын жетілдіреді.

<p>практикаға бағдарланған әдістерін қолдануға дайындықты дамыту; – кәсіби коммуникация және тәжірибе алмасу дағдыларын жетілдіру.</p>	
